



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«Nur Otan» фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 27 қаңтардағы ДС-15

Құрметті депутаттар!

Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алуға қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бас прокуратураның деректеріне сәйкес 2020 жылы жасөспірімдер арасында 143 суицид жағдайы тіркелген, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 36 бірлікке (2019 жылы – 179), ал суицид әрекеттерінің саны 44 бірлікке азайған (2020 жылы – 306, 2019 жылы – 350).

Үкімет тарапынан жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу мақсатында 2020 – 2023 жылдарға арналған арнайы жол картасы¹ қабылданды. Құжатта жастар мен балалар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу және оларға қажетті медициналық-психологиялық көмек көрсетуге бағытталған кешенді шаралар қарастырылған.

Бүгінде өңірлерде 1876 психологиялық қызмет жұмыс істейді, онда балалардың құқықтарын қорғау бойынша 11 мыңнан астам маман, оның ішінде білім беру жүйесінде 7 мыңнан астам педагог-психолог жұмыс істейді. Олар күнделікті өмірде психологиялық қиындықтарға тап болған балаларға және олардың ата-аналарына көмек көрсетеді.

Сонымен қатар барлық өңірлерде «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталықтары жұмыс істейді, олар отбасыларға әлеуметтік бейімдеу, оқыту және т.б. мәселелер бойынша заңгерлік, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетеді.

Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты, қатыгездікпен қарауды болдырмау, оның ішінде суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын күшейту шаралары қабылдануда.

Жоғары оқу орындарында суицидология саласындағы мамандарды даярлау шаралары қабылдануда, оның ішінде жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғау мәселелері педогогикалық жоғары оқу орындарының және колледждердің білім беру бағдарламаларына енгізілді.

¹ «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысымен бекітілген.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы мен БҰҰ Балалар Қорымен (ЮНИСЕФ) бірлескен жоспар шеңберінде 2020 жылы білім беру ұйымдарының барлық педагог-психологтарының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырды.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгез қарау проблемасына көпшіліктің назарын аудару мақсатында жыл сайын «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өткізіледі (2020 жылы науқан шеңберінде 754,9 мың оқушыны және 276,3 мың ата-ананы қамти отырып, 7 мыңнан астам іс-шара өткізілді).

Ақпарат саласындағы уәкілетті орган тұрақты негізде суицидтік мінез-құлықты тікелей немесе жанама насихаттайтын заңсыз контенттерді анықтау және бұғаттау бойынша бұқаралық ақпараттық құралдарына, әлеуметтік желілерге, интернет ресурстарға мониторинг жүргізеді.

2020 жылы мониторинг нәтижесінде анықталған жасөспірімдер психикасына кері әсер ететін 30 мыңға жуық материал интернет-ресурстардан алып тасталды. 3772 астам материалға тосқауыл қойылды. 2021 жылдың басынан бастап суицидті, порнографияны насихаттайтын, қатыгездікке табынуды қалыптастыратын 731 материал бойынша шаралар қабылданды.

Барлық мектеп оқушыларының бойына ұлттық тәрбиені сіңіруге, отбасылық құндылықтарды дамытуға бағытталған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба өзін-өзі тануды, өзін-өзі дамытуды, әлеуметтік жауапкершілікті және оқушылардың әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбие жұмысын күшейту, оқу-тәрбие процесінде отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда. Педагогтердің оқушыларға тәрбие беру бойынша құзыреттілігі кеңейтілді, осыған байланысты олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының мазмұны жаңартылды. Білім беру жүйесінің әдістемелік мазмұны қайта қаралды.

Биыл «Отбасы – орта мектеп» жобасы аясында педагогтер мен ата-аналар үшін ұлттық құндылықтарды ескере отырып, жастарды тәрбиелеу әдістемелері қосымша әзірленуде.

Сонымен қатар отбасылық және ұлттық тәрбиенің құндылықтары балалардың бос уақытын, мәдени-бұқаралық іс-шараларды, жарыстарды, сынып сағаттарын, ата-аналар жиналыстарын, үйірме жұмыстарын және т.б. ұйымдастыру шеңберінде іске асырылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 71-бабына сәйкес күнделікті жұмыстың ұзақтығы, оның басталу және аяқталу уақыты, жұмыстағы үзілістер еңбек тәртіптемесі қағидаларында, еңбек және ұжымдық шарттарда белгіленген талаптарды сақтай отырып айқындалады.

Еңбек заңнамасының, оның ішінде жұмыс уақыты режимдерінің сақталуын бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары тәуекел

дәрежесін бағалау критерийлеріне және еңбек заңнамасының сақталуын² тексеру парақтарына сәйкес жүзеге асырады.

2020 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары еңбек заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша 5 мыңнан аса ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызда айтылған ұсыныстар жасөспірімдер арасында оң психологиялық орта қалыптастыру және отбасы институтын дамыту бойынша жұмыстар барысында ескерілетін болады.

Жалпы сіздер көтерген мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Мамин

Орынд.: Н.Е.Абдрахимов
Тел.: 74-54-10

² Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығымен бекітілген.